



www.haileybury.kz
+7 (7172) 55 98 55

Haileybury Astana білім берудің барлық саласында қауіпсіздік пен
қамқорлықты басты назарда ұстайды.

hbastana

haileyburyastana

haileybury-astana

HaileyburyAstanaOfficial

HaileyburyAstana

Haileybury Astana

Haileybury Astana

ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН

Сандық технологиялар
жөніндегі нұсқаулық



Кіріспе

Бұл нұсқаулықта Haileybury Astana мектебінің сандық құралдарды, жасанды интеллект технологияларын және құрылғыларды жауапты әрі этикалық тұрғыда пайдалану жөніндегі талаптары келтірілген. Осы нұсқаулықтың мақсаты - мектептің CAPES құндылықтарына сәйкес, оқушылардың сенімді, сыйласымды және жаңашыл азамат болып қалыптасуына ықпал ету.



Сандық құралдар мен платформалар

Оқушылар байланыс үшін Microsoft 365, тапсырмалар орындау үшін Google Classroom, ал оқу үшін Apple iPad немесе ноутбук қолданады. Робототехника және бағдарламалау құралдары оқушылардың жаңашыл ойлауын дамытып, STEM бағытындағы зерттеулерге қызығушылығын арттырады. Flint AI (Жоғары мектеп) және Magic School AI (Бастауыш мектеп) платформалары жас ерекшелігіне сай, қауіпсіз жасанды интеллект ортасын ұсынады.



ЖИ пайдалану

Haileybury Astana ЖИ қолдану шеңбері оқу барысында жасанды интеллектті жауапты түрде пайдалану қағидаларын анықтайды. Оқушылар ЖИ құралдарын қолданған жағдайда бұл туралы ашық айтуы және әр пәннің нақты талаптарын сақтауы тиіс. Бастауыш мектептегі EDNAS AI бағдарламасы оқушылардың этикалық түсінігін және жауапты ЖИ қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

 Тыйым салынады	 ЖИ - ой серігі ретінде	 ЖИ - редактор ретінде	 ЖИ - аналитикалық құрал	 ЖИ - құрастыру құралы
Бұл тапсырмада ЖИ қолдануға тыйым салынады.	ЖИ тек зерттеу мен идея жинауға қолданылады.	ЖИ жұмысты өңдеу мен пікір алу үшін қолданылады.	ЖИ деректер, тақырыптар анықтауды көмектеседі.	ЖИ жобаларға көмек ретінде қолданылады.
Оқу: Оқуды өз бетінше орындауыңыз қажет.	Оқу: Мәтінді өзіңіз оқыңыз, ЖИ көмегін пайдаланыңыз.	Контент: Түпнұсқаңызға редакторлық ету және кері байланыс алуға болады.	Оқу: Мәтінді талдау рұқсат, бірақ оқу өзіңізге тиіс.	Оқу: Мәтінді қысқаша мазмұндау үшін қолданылады.
Контент: Барлығын өз біліміңіз бен дағдыңызға сүйеніп, ЖИ көмегінсіз орындаңыз.	Контент: ЖИ құралдарын тек бастапқы идеяларды жинау мақсатында пайдалануға болады.	Есеп шешу: Шешімнің құрылымын жақсартуға рұқсат, бірақ қателерді түзетуге болмайды.	Контент: Графиктер мен заңдылықтарды көрсетуге болады, тапсырманы орындау өзіңізде.	Контент: ЖИ жұмыс нәтижесін тексеру қажет.
Есеп шешу: Барлық мәселелерді өз бетінше шешіңіз.	Есеп шешу: ЖИ тек ұғымдар мен идея ұсынуға рұқсат.		Есеп шешу: ЖИ қателерді анықтайды, түзету өзіңізде.	Есеп шешу: ЖИ шешім ұсынады, бірақ дұрыстығын өзіңіз тексеріңіз.
Құпиялық туралы мәлімдеме талап етілмейді.	ЖИ қолданғанын міндетті түрде көрсетуі керек.	ЖИ қолданғанын міндетті түрде көрсетуі керек.	ЖИ қолданғанын міндетті түрде көрсетуі керек.	ЖИ қолданғанын міндетті түрде көрсетуі керек.

Құрылғыларды пайдалану және күтіп ұстау

Құрылғылар күн сайын қуаттандырылып, қауіпсіз жерде сақталуы тиіс, сондай-ақ олар тек оқу мақсатында пайдаланылуы тиіс. Робототехника және басқа да құралдармен тек мұғалімнің бақылауымен, ұқыпты жұмыс істеу қажет.

Онлайн мінез-құлық және этикет

Барлық онлайн қарым-қатынас сыпайы әрі орынды болуы керек. Оқушылар:

- зиянды контент жариялаудан
- жеке ақпаратты бөлісуден
- этикаға қайшы ЖИ өнімдерін пайдаланудан аулақ болуы тиіс.

Мектеп платформаларындағы бірлескен жұмыс әрдайым жағымды және кәсіби деңгейде жүргізілуі қажет.



Академиялық адалдық және ЖИ

Жасанды интеллект ешқашан оқушының өз жұмысын алмастырмауы тиіс. Оқушылар ЖИ арқылы алынған материалды түсініп, тексеріп және тиісті түрде дереккөз ретінде көрсетуі қажет. ЖИ-ті дұрыс пайдаланбау академиялық адалдық қағидаларын бұзу ретінде қарастырылады.

Желідегі аман-саулық

Экран алдындағы уақыт демалыспен, дене жаттығуларымен және зейін қалыптастыру тәжірибелерімен қатар жүруі керек. Осылайша салауатты оқу әдеттері сақталады.

ЖИ пен сандық дағдылардың болашағы

Haileybury Astana мектебі оқушыларды жасанды интеллект пен робототехника маңызды рөл атқаратын болашаққа дайындайды. Мектебіміз шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау және цифрлық сауаттылық дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.



Қолдау және жетекшілік

Егер қандай да бір техникалық қиындықтар туындаса, оқушылар IT-қолдау бөліміне немесе мұғалімге хабарласуы керек. Сонымен қатар, олар Digital Champions клубына қатысып, сандық оқыту саласында көшбасшылық пен инновация қабілеттерін одан әрі дамыта алады.

